

Келісілді

Құрылтайшы «Астана Интер Арт
/ Astana Inter Art»,
хаттама №1 от 26 тамыз 2020 жыл

Бекітілді

Педагогикалық кеңес хаттамасы
№ 1
28 тамыз 2020 жыл

**Қазақстандық Швейцария-Американдық
колледжінің
2020-2023 жылдарға арналған
стратегиялық даму жоспары**

Мазмұны

1	Кіріспе.....	4
2	Колледж паспорты.....	5
3	SWOT-талдау	10
4	Қызметтің стратегиялық бағыттары.....	13
5	Стратегиялық жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер.....	16

Кіріспе

Адами ресурстарды қалыптастыру сапасы елдің білім беру жүйесінің даму деңгейіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді жаңартуға, кадрларды даярлау мен қайта даярлауға, инновациялық технологияларды, оқу үдерісіне технологиялық жетістіктерді енгізуге, IT-технологияларды жедел дамыту мен ұтқырлыққа ерекше назар аударылуда.

Елге халық пен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес техникалық және қызмет көрсету жұмысының білікті кадрлары қажет, яғни кең іргелі білімі бар, белсенді, еңбек нарығының тез өзгертін талаптарына бейімделе алатын жаңа формациядағы жұмыс күші қажеттілігі туындап отыр.

Колледждің стратегиясы білім беру ұйымының күшті және әлсіз жақтарын, қауіптері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тұрақты дамуға бағытталған және білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуімен байланысты. Осыған байланысты колледждің білім беру саясатының мақсатты басымдығы айқындалды - мемлекеттік тапсырыс пен жұмыс берушілердің заманауи сұраныстарын ескере отырып, білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білім беру саласында сапалы білім беру қызметтерін ұсыну.

Колледждің миссиясы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыруға бағытталған. **Миссияны жүзеге асыру** жаңа типтегі колледж моделін құруға бағытталған - бұл еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, зияткерлік мамандар даярлаудың заманауи орталығы.

Колледж білім беру мекемесінің стратегиясын қалыптастыру және миссияны орындау аясында қызметтің жалпыланған стратегиялық бағыттарын әзірледі:

- білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- әлеуметтік серіктестікті кеңейту.
- өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларының біліктілігін арттыру;
- халықаралық ынтымақтастық.

Колледждің даму стратегиясы, миссиясы мен міндеттері білім беру мекемесінің бірегей сипатын көрсетеді: оның беделін қалыптастыру, дамыту және жақсарту жағдайында педагогикалық кадрлардың дамуын басқару.

Колледж паспорты

1. Оқу орны туралы жалпы мәліметтер	
Оқу орнының толық атауы	Қазақстандық Швейцария-Американдық колледжі ЖШС
Оқу орнының мекен-жайы	010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бектұров көшесі, 7 үй.
Телефон/факс	8 -717-2 -48-06-84
Е-mail	iasu_astana@mail.ru, nfo@ksacollege.com
Сайт	https://alem-college.kz
Құрылған жылы	2003
Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік (нөмірі, берілген күні)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік: бизнес-сәйкестендіру нөмірі БСН 020840005578 1 қазан 2019 ж.
Лицензия (нөмір, кім бергені, шығарған күні)	мемлекеттік лицензия KZ92LAA00030943, «Нұр-Сұлтан қаласының білім саласында сапаны қамтамсыз ету департаменті» ММ, 2021 жылдың 21 мамырында
Медициналық лицензия	№21019474, 07.06.2021 жыл., "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, Нұр-Сұлтан қаласы" республикалық мемлекеттік мекемесі
Аттестация (соңғы аттестация, шешімі) Аккредитация (соңғы аккредитация, шешімі)	14-19. 04. 2014 ж, Астана қаласы БССҚД 17 06.2014 жылғы шешімі - «аттестаталынсын». 10-12.03.2020ж. Институциональдық аккредитация туралы куәлік, ҚТАО Астана қаласы шешімі – «5 жылға аккредителінсін»
Басшының аты-жөні	Жанаева Гүл Сайлауқызы
Алқалық басқару органының түрлері	Педагогикалық Кеңес, Әдістемелік кеңес, Әкімшілік кеңес, Педагогикалық әдеп Кеңесі
Студенттік өзін-өзі басқару формалары	Студенттік кеңес

2. Материалдық-техникалық жабдықтау туралы ақпарат

Ғимарат типі	Не типовое, приспособленное 1. Учебный корпус 2. Учебные аудитории
Общая площадь учебного заведения (кв.м.)	Оқу ғимараты - жалпы ауданы 1000,4 м ² ш.м., пайдалы алаң - 833 ш.м., (теориялық оқуға арналған кабинеттер, кітапхана мен оқу залы, фельдшерлік-акушерлік пункт және әкімшілік).
Жобалық күші	500 адам.
Корпус саны	2
Қабатылығы Жылу жүйесі	2 орталықтандырылған
жатақхана	жоқ
Жөндеу қажеттілігі Интерактивті құралдармен жабдықталуы	жоқ 3 интерактивті тақта 5 проектор 2 ноутбук
Дербес компьютер саны, олардың ішінде жергілікті желілерде және Интернетке қосылған	105 дана, оның ішінде 80 дана оқу үрдісінде пайдаланылады, 105 дана интернетке қосылған және жергілікті желіге біріктірілген
Кітапхана	жалпы ауданы 51,4 шаршы метрді құрайтын кітапхана үшін арнайы бөлме бөлінген, абонементпен біріктірілген орындарға арналған оқу залы және білім қорының кітап қоймасына арналған жеке бөлме бар. Оқу-әдістемелік әдебиеттер - 7000 дана, оның 800 дана мемлекеттік тілде, 878 дана электрондық оқулықтар.
Спорт залы	жалға алынған тренажер және спорт залы.
Конференц - зал	30 орындық
асхана /буфет	буфет 10 орындық
Қосымша қызмет түрлері	Психология кабинеті, медициналық кабинет

3. Инженерлік-педагогикалық құрам

Басқарушылық құрам	5 адам
Оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің саны	18
жалпы білім беру пәндерінде	10
арнайы пәндер	8
Оның ішінде білімі бар (оқытушылар/шеберлер):	18
жоғарғы	18
Кәсіптік-техникалық	-
Оның ішінде біліктілік санаты бар (оқытушылар/шеберлер):	8
Жоғары және бірінші біліктілік санаты бар	5
Екінші санаты бар	3
Ғылыми дәрежелі	Кандидат - 1 адам Магистр - 6 адам,
Құрметті атақтары бар	-
Жасы (оқытушылар/шеберлер):	
25 жасқа дейін	-
25 пен 54 аралығында	13
55 пен 64 аралығында	4
64 жастан үлкен	1
Еңбек өтілі (оқытушылар/шеберлер)	
5 жылға дейін	3
5 пен 10 жыл аралығында	2
10 мен 15 жыл аралығында	3
15 жылдан жоғары	10

4. Контингент	
Жалпы саны	273 адам
Оқу формасы	күндізгі\ сырттай
Күндізгі оқыту түрі	239 адам (бюджет – 146 адам)
Сырттай	34 адам
мамандықтар, біліктілігі	<p>10410400 Жол қозғалысын ұйымдастыру (1 4S10410402 Техник, 3W10410401 Жол инспекторы),</p> <p>06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* (2 4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы),</p> <p>09230100 Әлеуметтік жұмыс (3 4S09230102 Әлеуметтік қызметкер),</p> <p>07310200 Геодезия және картография (1 4S07310201 Техник-геодезист),</p> <p>07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану (4 4S07320703 Техник-құрылысшы, 3W07320702 Жол- құрылыс машиналарының машинисі</p> <p>10150100 Туризм (1 4S10150104 Туризм менеджері, 3W10150102 Саяхат жүргізуші, 3W10150103 Туристік агент),</p> <p>10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру (1 3W10130301 Кондитер-безендіруші, 1 3W10130302 Аспазшы),</p> <p>10130100 Қонақ үй бизнесі (1 3W10130101 Әкімші, 4S10130104 Супервайзер, 3W10130102 Аға қызметші)</p> <p>02120100 Интерьер дизайны (1 4S02120103 Интерьер дизайнері)</p> <p>02310100 Аударма ісі (түрлері бойынша)* (1 4S02310101 Аудармашы)</p> <p>10130200 Тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру (1 3W10130201 Даяшы).</p>
Жетім балалар	-
Ата-ананың қарауынсыз қалғандар	-
Мүгедек балалар	1

5. Әдістемелік жұмыс

Әдістемелік бөлме	бар
Әдістемелік кеңес жұмысы	Әдістемелік кеңес жұмысы ұйымдастырылған Кеңес мүшелерінің саны – 7 адам Жұмыс жоспары бар
Пәндік цикл комиссияларының саны (әдістемелік бірлестіктер)	1) жалпы білім беретін пәндер ПЦК 2) арнайы пәндер ПЦК
Методическая тема учебного заведения	Инновациялық кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы оқытушылардың біліктілік әлеуетін арттыруға жағдай жасау.
Жас мамандармен жұмыс	Жас маман мектебінің жұмысы ұйымдастырылды, тәлімгерлік жолға қойылды.
Біліктілікті арттыру	2020-2021 оқу жылына арналған біліктілікті арттыру жоспары бар. 2020-2021 оқу жылының ішінде «Кәсіпқор Холдинг» КЕАҚ Талап (100%) , НЗМ (16,6%), «Педагогикалық шеберлік орталығы» (11,1%) базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.
2019-2021 оқу жылдарындағы оқу орнының жетістіктері	Аккредитация: Колледждің институционалды аккредитациясын «Коммерциялық емес қазақстандық аккредиттеу орталығы» (НКЦА) тарапынан өткізілді, Нұр-Сұлтан, 10-12 наурыз 2020 ж. Конференцияларға, байқауларға қатысу: - халықаралық - 1 оқытушы, - республикалық - 2 оқытушы, - қалалық - 3 оқытушы - 2 оқытушы педагогикалық басылымдарда мақалалар жариялады. Студенттердің жарыстарға қатысуы: - ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған қалалық армрестлинг - 3 орын; - «Жастар жылы-2019» аясында Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындары мен колледждері арасында шахмат жарысы - 3 орын; - «Инновация білім заман талабы» тақырыбындағы республикалық конференция - 1 диплом. - «COVID19 пандемиясы жағдайында қашықтықтан оқыту аспектілері» халықаралық қатысуымен өткен республикалық оқыту-зерттеушілік конференция – I орын. - «Тәуелсіздікті жырлаймын» қалалық мәнерлеп оқу байқауы – II орын.

SWOT-талдау

еңбек нарығындағы колледждің ұтымды және әлсіз жақтарына, мүмкіндіктері мен дамуына төнетін қауіптерге баға беру

S (Strenght) – *мықты жақтар*

(потенциальды позитивті ішкі факторлар)

- Нормативтік базаның болуы және оқу бағдарламасының (ОБ) жүзеге асырылуына қойылатын талаптарына сәйкес келуі;
- ОБ мазмұны ББМС талаптарына сәйкес болуы;
- оқытушылар мен білім алушыларға онлайн ресурстардың қол жетімділігі;
- колледждің оқыту-тәрбиелеу үрдісінде қолданылатын инновациялық педагогикалық технологиялардың оқытушылардың кәсіби шеберлігінің шыңдалуына, білім беру тиімділігінің артуына ықпал етуі;
- РММ «ҚР ұлттық академиялық кітапханасының» ақпараттық-кітапханалық қорын студенттердің, оқытушылардың кез келген уақытта пайдалана алу мүмкіндігі;
- колледждің оқыту-тәрбиелеу үрдісінің барысымен мүдделі тараптардың мерзімінде ақпараттануының қолжетімділігі;
- колледждің барлық жұмыс бағыттарына үнемі ішкі және сыртқы тексеріс (аудит) жүргізіліп, сараптама жасалынуы;
- колледждің барлық қажетті ішкі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарының болуы және мүдделі тараптарға қолжетімділігі;
- білім беру қызметін тұтынушылардың колледжге деген сенімінің жылдан жылға артуы.

W (weakness) – *әлсіз жақтар*

(потенциальды негативті ішкі факторлар)

- Материальдық-техникалық базаның, кітапханалық қордың, компьютерлік техниканың моральдық жылдам ескіру қарқыны;
- материалдық-техникалық, ақпараттық, кітапханалық ресурстардың үнемі қымбаттауына әкеліп соғатын инфляциялық үрдістердің туындауы;
- колледж қызметіне қатысты заңдардың, нормативтік қағидалардың жылдам өзгеріске түсіп отыруы себебінен колледжді басқару үрдісіне кері әсерін тигізуі;
- әлеуметтік серіктестердің материалдық-техникалық базаны нығайтуға және студенттерді өндірістік процеске қатыстыуға мүдделерінің төмен деңгейде болуы;
- дуалды оқыту жүйесінің енгізілу деңгейінің төмендігі;
- іс-тәжірибе базасында теориялық оқу аудиторияларының жетіспеушілігі;
- колледж қызметінің негізгі бағыттары бойынша мүдделі ұйымдармен (жұмыс берушілер, жақын және алыс шетелдер колледждері, азаматтық

қоғам институттары) интеграциялану деңгейінің жеткіліксіздігінің кәсіби өсу мен кадрлық құрамның дамуын айтарлықтай төмендетуі;

- қоғам талабы мен сұраныстарына сәйкестендірілген оқу корпусының типтік ғимаратының жоқтығы;

- жекеменшік спорт залының жоқтығы;

- ішкі электронды құжат айналымының жоқтығы.

O (opportunity) – жағымды мүмкіндіктер
(потенциальды позитивті ішкі факторлар)

- Тұтыну нарықтарындағы материалдық-техникалық, ақпараттық, кітапханалық ресурстардың ассортименті мен таңдауының жоғарылығы;

- дуалды және қашықтықтан оқытуды енгізу және дамыту;

- әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық;

- халықаралық және ұлттық жобаларға, кәсіби жарыстарға қатысу мүмкіндігі;

- білім беру бағдарламаларын жетілдіруге жұмыс берушілердің белсенді қатысуы;

- студенттердің ғылыми зертханалық жұмыстарға қызығушылығы, оқу-тәрбие үрдісіне белсенді қатысуы;

- өндірістік практика барысында өндірістен оқу процесіне мамандарды тарту мүмкіндігі;

- мүдделі тараптардың (өтініш берушілердің, студенттердің, қызметкерлердің, әлеуметтік серіктестердің) білім беру қызметтерінің сапасына сенімі.

T (treat) – қауіптер
(потенциальды негативті ішкі факторлар)

- Педагогтың қоғамдық статусының төмендеуі;

- кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту талаптарына байланысты ТЖКБ заңнамалық база жүйесіндегі және кәсіптік дайындаудың ұйымдастырушылық формаларындағы орын алуы мүмкін кемшіліктердің болуы;

- мектеп бітірушілердің санының жеткілікті болуымен қатар, шетелде білім алушылардың саны артуына байланысты жұмысшы мамандықтарына талапкерлердің жылдан жылға азаюы;

- экономикалық құлдырауға байланысты студенттердің және/немесе ата-аналарының төлем қабілеттілігінің төмендеуіне қатысты оқытушылар жалақысының уақытында төленбей қалу қаупі;

- студенттер мен оқытушылардың шет тілін меңгеруінің мардымсыздығынан халықаралық конкурстарға қатысу мүмкіндігін төмендету қаупінің туындауы;

- мемлекет экономикасындағы инфляциялық дағдарыс қауіптер

Мақсат: мемлекеттік тапсырыс пен жұмыс берушілердің заманауи сұраныстарын ескере отырып, білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білім беру саласында сапалы білім беру қызметтерін ұсыну.

Міндеттер:

- ✓ ақпараттық білім беру ортасын дамыту;
- ✓ білім беру үдерісіне заманауи білім беру технологияларын енгізу;
- ✓ озық педагогикалық тәжірибені қолдану;
- ✓ контингентті сақтау және көбейту бойынша жұмыс;
- ✓ бәсекеге қабілеттілігін, колледждің жұмысшы мамандықтарының түлектеріне сұранысын арттыру;
- ✓ колледждің институционалды дамуы;
- ✓ колледждің кадрлық әлеуетін дамыту.

Қызметтің стратегиялық бағыттары:

- ❖ білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
- ❖ материалдық-техникалық базаны нығайту;
- ❖ әлеуметтік серіктестікті кеңейту;
- ❖ өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың біліктілігін арттыру;
- ❖ халықаралық ынтымақтастық.

Бағыт 1. Білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

Жүзеге асыру шаралары:

- мамандар даярлау сапасын арттыру және түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жоғары білікті оқытушылар құрамын тарту;
- оқу-практикалық қызметке инновациялық білім беру технологияларын енгізу және қолдану арқылы білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету;
- студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру, теориялық білімдерін практикалық қызметте қолдануға үйрету, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру;
- студенттердің республикалық олимпиадаларға, ТЖКБ саласындағы халықаралық жобаларға қатысуы;
- инженерлік-оқытушылық құрамның кәсібилігін арттыру;
- колледждің гуманитарлық-техникалық бейіндегі қазақстандық жоғары оқу орындарымен және колледждермен байланысын құру және кеңейту.

Бағыт 2. Материалдық-техникалық базаны нығайту.

Жүзеге асыру шаралары:

- колледждің материалдық-техникалық ресурстарының мазмұнын жаңарту;
- сапалы жаңартуға, материалдық, ғылыми, оқу-зертханалық базаны кеңейтуге шығындар үлесінің ұлғаюы: аудиториялар, кеңсе жиһаздары, компьютерлік жабдықтар, зертханалық жабдықтар, кітапханалық және ақпараттық, бағдарламалық ресурстармен қамтамасыз ету;
- инфрақұрылымды ағымдағы, күрделі жөндеуге, кеңейтуге, жұмыс істеуге қаражат бөлу.

Бағыт 3. Әлеуметтік серіктестікті кеңейту.

Жүзеге асыру шаралары:

- студенттердің кәсіби шеберліктерін даярлау саласындағы колледж мен әлеуметтік серіктестердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру;
- студенттерге кәсіптік іскери тәжірибе алуға мүмкіндік беру үшін келісімшарт негізінде оқытуды жүзеге асыратын кәсіпорындардың өндірістік-өндірістік шеберханаларында өндірістік оқытуды жүзеге асыру;
- кәсіптік практикаға арналған жұмыс бағдарламаларын жасауға және олардың мазмұнын үйлестіруге қатысуға әлеуметтік серіктестерді тарту;
- тәлімгерлікке және кәсіптік тәжірибеге басшылыққа кәсіпорын мамандарын (өндірістік оқыту шеберлерін) тарту;
- қоғамның білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру және әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастық арқылы колледжге қосымша ресурстар тарту.

Бағыт 4. Өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың біліктілігін арттыру.

Жүзеге асыру шаралары:

- проблемалық семинарлар, жас мамандарға арналған семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, педагогикалық оқулар, тәлімгерлік ұйымдар, мұғалімдермен жеке жұмыс ұйымдары, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;
- оқу құралдары, электронды оқулықтар, пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу;
- жинақталған тәжірибені колледж, қала, республика деңгейінде тарату;
- оқытушылар құрамының аймақтық, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысуы;
- оқытушылық құрамды ғылыми жұмысқа, ең алдымен ғылыми журналдарда мақалалар жариялау түрінде тарту;
- оқытушылардың біліктілік санатын арттыру үшін аттестаттауды ұйымдастыру;
- біліктілікті арттыру курстарынан өтуді ұйымдастыру;
- кадрларды іріктеу және біліктілігін арттыру процестеріне назар аудару арқылы кадрлық саясатты жетілдіру.

Бағыт 5. Халықаралық ынтымақтастық.

Жүзеге асыру шаралары:

- қонақ үй индустриясы және туризм саласындағы ағылшын тілін білу деңгейі жоғары мамандарды даярлап шығару;
- Қазақстандық Швейцария-Американдық колледж түлектерінің халықаралық деңгейдегі университеттерге түсуі.

Стратегиялық жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер

Стратегиялық бағыттар	Күтілетін нәтиже	Соңғы көрсеткіш
Білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру	Педагогикалық құрамның ғылыми дәрежесі	40%
	Республикалық олимпиадалардағы, ТЖКБ саласындағы халықаралық жобалардағы студенттердің гранттары мен жүлделі орындары	3 адам.
	Негізгі тұтынушылардың (оқытушылар құрамы, студенттер, ата-аналар, қоғам) білім мазмұнын жаңартудың оқу-әдістемелік қолдауына қанағаттану деңгейі	50%
	Колледждің гуманитарлық-техникалық бейіндегі қазақстандық жоғары оқу орындарымен және колледждермен байланысын құруы және кеңейтуі	ЖОО – 3 ООО - 5
Материалдық-техникалық базаны нығайту	Материалдық-техникалық базаның талаптарға сәйкестігі	70%
	Студенттерге арналған оқу-тәжірибелік сабақтарды (компьютерлер, принтерлер, сканерлер, интерактивті тақталар, проекторлар, лингофон бөлмесі, оқу тренажерлері, тренажерлар және т.б.) ұйымдастыруға және өткізуге арналған заманауи техникалық ақпараттық оқу құралдарымен жабдықталу дәрежесі.	78%
	Негізгі тұтынушылардың (оқытушылар құрамы, студенттер) техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етілуіне қанағаттану дәрежесі	83%

	Колледжді материалдық-техникалық жабдықтауға бөлінген қаражат үлесі	10%
Әлеуметтік серіктестікті кеңейту..	Бітіру жылы жұмысқа орналасқан колледж түлектерінің пайызы	93%
	Студенттерге кәсіби іскери тәжірибеде дағдыларды алу мүмкіндігін беру мақсатында келісімшарт негізінде оқытуды жүзеге асыратын компаниялардың әлеуметтік серіктестері санын арттыру	20%
Өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың біліктілігін арттыру.	Оқытушылар құрамының ғылыми қызметінің негізгі нәтижелерін ғылыми-педагогикалық басылымдарда жариялау үлесі	10%
	Облыстық, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысатын оқытушылар құрамының көбеюі	20%
	Колледж оқытушылары жасаған оқу-әдістемелік құралдардың, электронды оқулықтардың, пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулардың көбеюі	35%
	Колледждің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыруға бөлінген қаражат үлесі	10%
Халықаралық ынтымақтастық	«Қонақ үй бизнесі» және «Туризм» мамандығына түсетін студенттер санының өсуі	150 адам
	Ағылшын тілінде сабақ беретін оқытушылар үлесі	10%